

**«Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы білім бөлімі
бойынша Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі»
коммуналдық мемлекеттік мекемесінің білім беру қызметінің өзін-өзі
бағалауы туралы қорытындысы**

Білім беру ұйымы туралы жалпы мәліметтер:

1) Мекеменің атауы: «Ақмола облысы білім басқармасының Ерейментау ауданы бойынша білім бөлімі Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі» коммуналдық мемлекеттік мекемесі.

Пайдалануға берілген жылы: 10.01.1982 жылы ашылған, типтік ғимаратта орналасқан, 3 қабатты шағын жинақты мектебі. Шағын орталықтың сыйымдылығы 25 орын, мектептің сыйымдылығы – 365 орын

Жалпы мектептің ауданы - 7910 ш.м, оның ішінде жалпы шағын орталықтың ауданы - 135,3 ш.м; жалпы мектептің жұмыс ауданы – 1849,1 ш.м.

2) Білім беру ұйымының орналасқан жері: 020800, Қазақстан Республикасы, Ақмола облысы, Ерейментау ауданы, Бозтал а.о., Бозтал а., Тәуелсіздік көшесі, № 136 үй

3) Заңды тұлғаның байланыс деректері: 87163336321, 87785029462, электронды поштасы Gulnar Sergazinova@mail.ru.

4) Заңды тұлға өкілінің байланыс деректері: Сергазинова Гульнара Темирбулатовна, 2023 жылғы 03 сәуір айының №39 бұйрықпен тағайындалған.

5) Құқық белгілейтін және құрылтай құжаттары: Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтамасы Жарғы Ақмола облысы әкімдігінің 2021 жыл 05 қаңтардағы А-1/1 қаулысымен бекітілген. Заңды тұлғаны мемлекеттік қайта тіркеу туралы анықтама 2021 жыл 15 қаңтарда берілген.

6) Рұқсат беру құжаттары: Жалпы негізгі білім беру қызметімен айналысуға құқық беретін мемлекеттік лицензия: 2021 жыл 08 ақпан №KZ81BFA00123158, мерзімі– шектелмеген.

(көшірмелері қосымша ұсынылады).

Бозтал ауылының жалпы орта білім беретін мектебі 2023-2024 оқу жылында **«Білім беру мен тәрбие үрдісінде инновациялық қызметті енгізу арқылы білім сапасын арттыру»** тақырыбында жұмыс жасады.

Мақсаты: Өзінің және қоғамның мүддесінде өзін-өзі белсенді етуге дайын, өзгермелі даму үстіндегі ортада өмір сүруге бейім, бәсекеге қабілетті, білімді және құзыретті, шығармашыл, білімді тұлғаны дамыту және қалыптастыру.

Міндеттері:

1. Жеке тұлғаның негізгі және қосымша бағдарлы білім беретін бағдарламаларды игеруіне және білім алуды жалғастыруына қажетті жағдай жасау.
2. Білім сапасын диагностикалау мен мониторинглеудің сапалы жүргізілуін қамтамасыз ету.
3. Жаңа технологияларды мұғалімдердің жүйелі меңгеруіне, білім сапасының көтерілуіне бағытталған кәсіби жетілдірудің бағдарламасы арқылы әдістемелік жұмысты жақсы жолға қою.
4. Оқыту мен оқуды басқаруда ақпараттық-коммуникациялық технологияларды қолдану;

5. Мектеп пен отбасының өзара ынтымақтастығын қамтамасыз ету;
6. Оқушының сапалы білім алуына және мұғалімнің сабақ мақсатына жетуіне мүмкіндік беретін материалдық – техникалық базаны үздіксіз жетілдіру.
7. Қамқоршылық кеңес жұмыстарын тиісті деңгейге көтеру;
8. Оқушылардың ғылыми жоба, пәндік олимпиада мен түрлі деңгейдегі зияткерлік сайыстарға қатысу нәтижелерінің артуын қамтамасыз ету;

Параграф 1. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

9. Тәрбие және оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мазмұнына қойылатын талаптар:

1) *оқу жұмыс жоспарлары және ұйымдастырылған қызметтің Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы №348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары (бұдан әрі -ҮОЖ) талаптарына сәйкестігі. (Үлгілік оқу жоспары қоса беріледі)*

2024-2025 оқу жылдары Қазақстан Республикасының мектепке дейінгі ұйымдарында және мектепалды сыныптарында тәрбие - білім беру процесін ұйымдастыру туралы нұсқаулық-әдістемелік хатқа сәйкес және келесі нормативтік құқықтық актілер негізінде оқу-тәрбие жұмысы бойынша жылдық жоспарлар әзірленді:

-Мектепалды сыныптары тәрбиелеу-білім беру қызметін:

1) «Білім берудің барлық деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарттарын бекіту туралы» Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29031 болып тіркелген) Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №8275 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу жоспарлары

2) білім беру қызметін Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің міндетін атқарушының 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығымен бекітілген Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасына (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 14235 болып тіркелген) (бұдан әрі – МДТО үлгілік оқу бағдарламасы) және білім беру бағдарламаларына (вариативті, жеке, бейімделген, қосымша) сәйкес іске асырылды.

- Қазақстан Республикасы Оқу -ағарту министрінің 2022 жылғы 31 тамыздағы №385 бұйрығымен (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде №29329 болып тіркелген) бекітілген Мектепке дейінгі ұйымдар қызметінің үлгілік қағидаларын «бұдан әрі-Үлгілік қағидалар) сақтау:

Тәрбие-білім беру процесі: өтпелі тақырыптар негізінде перспективалық жоспарға; циклограммаға; тәрбиеленушілердің жетістіктерінің мониторингіне (бастапқы, аралық, қорытынды) сәйкес жүзеге асырылады. Оқу жылына арналған перспективалық жоспарды тәрбиешілер мен басқа да педагогтар жасайды. Жоспарланған өтпелі тақырыптар, олардың дәйектілігі мен саны педагогикалық кеңесте қаралады және бекітіледі. Білім беру процесінің

сапасын қамтамасыз ету мақсатында педагог перспективалық жоспарға сәйкес циклограмма жасайды.

Тәрбиеленушілердің жеке тұлғасын жан-жақты дамыту мына бағыттар бойынша:

- физикалық дамыту;
- коммуникативтік дағдыларды дамыту;
- танымдық және зияткерлік дағдыларды дамыту;
- шығармашылық дағдыларын, зерттеу іс-әрекетін дамыту;
- әлеуметтік-эмоционалды дағдыларды қалыптастыру арқылы іске асырылады.

Жоғарыда аталған нормативтік-құқықтық актілер негізінде оқу жұмыс жоспарлары мен сабақ кестелері жасалды.

2024-2025 оқу жылына арналған апталық оқу жүктеме сағаттары мектеп жасына дейінгі шағын орталығының ортаңғы топта (3 жастан бастап) ұйымдастырылған іс-әрекет: «Дене шынықтыру» сабағы – аптасына үш рет, Дене шынықтыру** - күн сайын, «Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет» - күн сайын, «Қазақ тілі» - аптасына бір рет, «Қазақ тілі***» - күн сайын, «Математика негіздері» - күн сайын, «Қоршаған ортамен таныстыру» - күн сайын; «Құрастыру» – күн сайын; «Сурет салу» - күн сайын, «Мүсіндеу» - күн сайын, «Жапсыру» - күн сайын, «Музыка» - аптасына бір рет, «Музыка****» - күн сайын, «Арнайы түзетуші іс-әрекет*****» - күн сайын;

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы - 10-15 мин.

Ересек жас тобында (4 жастан бастап) ұйымдастырылған іс-әрекет: «Дене шынықтыру» сабағы – аптасына үш рет, Дене шынықтыру** - күн сайын, «Сөйлеуді дамыту және көркем әдебиет» - күн сайын, «Қоршаған ортамен таныстыру» - күн сайын; «Құрастыру» ; «Сурет салу» , «Мүсіндеу» , «Жапсыру» - күн сайын, «Музыка****» - күн сайын, «Музыка» - аптасына бір рет; «Қазақ тілі» - аптасына бір рет, «Қазақ тілі***» - күн сайын; «Математика негіздері» - күн сайын;

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы - 15-20 мин.

Мектеп алды даярлық сыныбында (5 жастан бастап) ұйымдастырылған іс-әрекет: «Дене шынықтыру» сабағы – аптасына үш рет, Дене шынықтыру** - күн сайын, , «Сөйлеуді дамыту» - аптасына 2 сағат, «Көркем әдебиет» аптасына 2 сағат: «Сауат ашу негіздері» - аптасына үш рет; «Қазақ тілі» - аптасына екі рет, «Қазақ тілі***» - күн сайын; «Математика негіздері» - аптасына үш сағат; «Құрастыру», «Сурет салу», «Мүсіндеу», «Жапсыру», «Құрастыру» - аптасына бір рет; «Музыка» - аптасына екі рет; «Музыка****» - күн сайын; «Қоршаған ортамен таныстыру» - аптасына екі рет; «Қарым-қатынас іс әрекеті» - күн сайын; «Қарым-қатынас іс әрекеті, танымдық іс-әрекет» - күн сайын; «Танымдық іс-әрекет , зерттеу іс-әрекеті» - күн сайын; «Шығармашылық іс-әрекет, бейнелеу іс-әрекеті» - күн сайын; **Барлығы- 20 сағат**

Ұйымдастырылған оқу қызметінің ұзақтығы - 25-30 мин.

2024-2025 оқу жылында шағын орталығындағы ортаңғы топта және мектеп алды даярлық сыныпта «Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың үлгілік оқу бағдарламасы» ҚР БҒМ 2016 жылғы 12 тамыздағы № 499 бұйрығы.

3) *МДТО үлгілік оқу бағдарламасына сәйкес баланың өмірін қорғауды және денсаулығын нығайтуды қамтамасыз ететін пәндік-кеңістіктік дамытушы орта құру:*

Мектепке дейінгі білім беру мен оқытудың мемлекеттік стандартына сәйкес балаларды шағын орталықта тәрбиелеу мен оқытудың психологиялық – педагогикалық негізіне қойылатын талаптар жүйесі кіреді десек, шағын орталықта осы талаптар жүйелі түрде орындалған . Шағын орталықта бес білім беру саласын негізге ала отырып дамытушы орта ұйымдастырылған.

Бала өмірін ұйымдастыруды қамтамасыз ететін материалдық – техникалық, санитарлық – гигиеналық психологиялық – педагогикалық, эстетикалық жағдайларды кешенді ұйымдастыру ескерілген. Пәндік – дамытушы ортада баланың құрдастарымен , заттық

объектілермен жеке жұмыс, өзара іс – әрекетпен тәжірибе бөлісуге жағдай жасалынған. Балалар ойын жиһаздарымен қамтамасыз етілген: дүкен, шаштараз, дәріхана, табиғат орталығы, шығармашылық бұрышы керекті құралдарымен жабдықталған. Тәрбиеленушілер өз қалаулары бойынша боямақ, бастыру трафареттері арқылы жұмыс жасауға жағдайлар жасалған. Жаңа технологиялардың элементтерін қолдану мақсатында «БТТШ»/ Триз/ «Қызықты математика» құралдары, Зайцев технологиясы элементтерін, ұяшықтарға салынатын пішіндер, кестелер, «Деньеш» технологиясының элементтерін қолдануға арналған бастыру әдістерінің құралдары/жемістер, жануарлар/ жинақталған. Монтессори технологиясының элементтерін қолдануда фетрден тігілген құралдар, балалардың саусақтарының, ұсақ моторикасын дамыту мақсатында-түймелеу/алма ағашына алмаларды орналастыру, сыдырмақтар және т.б күннің екінші жартысында қолдану ұйымдастырылған.

Педагогтар төмендегідей мақсатты алға қоя отырып, жұмыс жасайды :

- Әрбір баланың тұрақты белсенділігін, оның бейімделу мүмкіндігін дамыту үшін оңтайлы денсаулықты жасау ортасы мен денсаулықты сақтауды нығайту .
- Өзіне және қоршаған адамдарға пайдаын тигізу үшін, мектеп жасына дейінгі балаларды еңбекке тарту мақсатында еңбек қызметінің түрлері мен мазмұнын жандандыратын үйлесімді бағытты енгізу.
- Ата – аналардың балаларға инновациялық көзқарасын қалыптастыру, мектеп жасын дейінгі балалардың іс – әрекеті мазмұнымен түрлерін меңгеруде үйлесімді бағыт іздеу.

Ойын құралдарына келетін болсақ, топта денсаулық аймағы бойынша таңертеңгілік жаттығуларға арналған құралдар (сыдырмақтар, жалаушалар, доптар т.б) бар. Қимылды ойындар атрибуттары және ойындар мазмұндары жазылған жинақтар жасалынған.

Оқу іс – әрекеттерінде пайдаланылатын дидактикалық және үлестірмелі материалдар жеткілікті.

Шағын орталықта баланың логикалық дамуына мүмкіндік жасалып, ойын бұрыштарында даму ойындары қойылған.

Шағын орталықтың алға қойған мақсаттарының бірі бала денсаулығын нығайту болса, сол мақсатты жүзеге асыру үшін мына міндеттерді орындауды алға қойған:

- Балалардың өмірін сақтау және денсаулығын нығайту үшін жағдай жасау. Балабақшада оңтайлы қимыл тәртібін ұйымдастыру арқылы дене шынықтыру – сауықтыру жұмысының тиімділігін көтеру.
- Балалардың сөйлеу тілін дамыту, іс – әрекеттің барлық түрінде байланыстырып сөйлеуін қалыптастыру арқылы жалғастыру.
- Шығармашылық іс – әрекетінің қоршаған әлемді эстетикалық түрде қабылдауын дамыту.

МАД тобы педагогі ұйымдастырылған оқу қызметі барысында балалардың қызығушылықтарын ескереді, әр баламен сөйлесіп, пікірін тыңдайды. Баланы өзінің әлем туралы түсінігін құру құқығы мен мүмкіндігі бар және өз бетінше үйренуге белсенді қатысушы ретінде қабылдайды. Балаларды оқытуда оларды шаршатпай, баланың ынтасын, пікірін және тілегін ескере отырып, бала үшін қызықты ойын түрінде өткізеді. Ұйымдастырылған оқу қызметінің басынан бастап соңына дейін алдын-ала жоспарланған ойын түрімен өткізуге немесе ойынды өткен материалды бекітуге қолданады. Тәрбиеші ұйымдастырылған оқу қызметінің тақырыбына сәйкес ойынды алдын-ала таңдайды, өз бетінше құрастырып, сондай-ақ балалардың қызығушылықтарын ескере отырып, сабақты түрлендіріп өткізеді. Сондай-ақ, ҰОҚ-ін үнемі тек топ кабинетінде үстел үстінде ғана емес, ойын алаңында, сонымен бірге балалар үшін жайлы жағдайларда өткізеді. Ойын барысында педагог балалардың өз тәжірибелерін оң және теріс деп талдайды, өз эмоцияларын реттеуге үйретеді, сондай-ақ өмірлік маңызды дағдыларды дамытады.

Осы алынған міндеттемелер серуен барысында қимылды ойындар таңертеңгілік жаттығу, сергіту жаттығулары, дене тәрбиесі оқы іс – әрекеттерінде жүзеге асырылған.

4) баланың даму мониторингін қамтамасыз ететін және оның жеке дамуын жоспарлаудың негізі болып табылатын мектепалды жастағы тәрбиеленушілерді оқыту нәтижелерінің болуы:

Мектепке дейінгі білім беру жүйесін жаңғырту жағдайында педагог мамандығының мәртебесін арттыру негізгі бағыттардың бірі болып табылады.

2024-2025 оқу жылында МАД тобында 1 педагог Амиржанова Умит Ахметовна , техникалық және кәсіптік білімімен. «Өрлеу» біліктілікті арттыру ұлттық орталығынан «Педагогтердің цифрлық құзырлығын дамыту» тақырыбында біліктілікті арттыру курсынан өтті

Шағын орталықта 2 педагог, Оспанова С.Х. –арнаулы орта білімді, Кожахметова Ж.М – жоғары білімді.

Шағын орталық пен мектепалды даярлық сыныптарында "Мектепке дейінгі тәрбие және оқыту, мектепке дейінгі ұйымдардың тәрбиесі" мамандығы бойынша 3 педагог жұмыс істейді. Үлесі 100% құрады, бұл uzдік бағалауына сәйкес келеді.

Мектепке дейінгі ұйымның 3 педагогы біліктілікті арттыру курстарынан өтіп, білімдерін жетілдіріп отырады.

(Тәрбиелешілердің сапалық және сандық құрамы)

Оқу жылы	баллы	Педагог-шебер	%	Педагог-зерттеуші	%	Педагог-сарапшы	%	Педагог-модератор	%	Жоғары сапат	%	1 санат	%	2 санат	%	Сапa
2024 - 2025	3	0	0	0	0	0	0	0	0	0	0	1	33,3	0	33,3	33,3

5) тәрбиеленушілердің даму мониторингісінің **(бастапқы)** болуы және нәтижелерін талдау: Мектепке дейінгі білім беруде сапалы қызметті қамтамасыз етуде мектепке дейінгі жастағы балалардың біліктері мен дағдылардың маңызы зор. Мониторинг баланың біліктері мен дағдыларының даму динамикасын оның түзетуді қажет ететін ерекшеліктерін ашуға өзара әрекет ету тәсілдерін өзгертуге педагог тарапынан қамқорлықпен көңіл бөлуді ықпал ететін арнайы ұйымдастырылған жүйелі бақылау ретінде қарастырылады. Мониторинг баланың түрлі кезеңдегі біліктері мен дағдыларының даму динамикасын анықтауға, педагогтың алдағы іс-әрекетін жоспарлауға, мектеп жасына дейінгі баланың жеке дамуына қажетті жұмыстарды жүргізуге мүмкіндік береді. Мониторинг нәтижелерін алуда-балаларды бақылау, әңгімелесу, бала әрекетінің өнімдерін талдау, диагностика жағдаяттар арқылы жасалды.

2024-2025 оқу жылында шағын орталықтың ортаңғы тобының бақылау жиынтығы:

Саны	Дағдылар	I деңгей	II деңгей	III деңгей
	Бастапқы			
12	Физикалық	25%	42%	33%
12	Қатынас	16%	50%	34%
12	Шығармашылық	16%	50%	34%
12	Таным	67%	25%	8%

12	Әлеумет	50%	42%	8%
----	---------	-----	-----	----

«Физикалық» білім саласы-бақылау жиынтығы – 42% (II деңгей) құрады.

«Қатынас» дағды бойынша бастапқы бақылау жиынтығы – 50 пайызды құрады (II деңгей).

«Шығармашылық» дағдыларды бастапқы бақылаудың нәтижесінде – 50 (II деңгей)

«Таным» бағытындағы дағдылар бастапқы жиынтығы – 25% (II деңгей).

«Әлеумет» бағытындағы дағдылар бастапқы жиынтығы – 42 % (II деңгей)

2024-2025 оқу жылында шағын орталықтың ересек тобының бақылау жиынтығы:

Саны	Дағдылар	I деңгей	II деңгей	III деңгей
	Бастапқы			
13	Физикалық	0%	46%	53%
13	Қатынас	15%	46%	39%
13	Шығармашылық	15%	46%	39%
13	Таным	38%	31 %	31%
13	Әлеумет	0%	23%	76%

«Физикалық» білім саласы-бақылау жиынтығы – 53% (III деңгей) құрады.

«Қатынас» дағды бойынша бастапқы бақылау жиынтығы – 39 пайызды құрады (III деңгей).

«Шығармашылық» дағдыларды бастапқы бақылаудың нәтижесінде – 39% (III деңгей)

«Таным» бағытындағы дағдылар бастапқы жиынтығы – 31% (III деңгей).

«Әлеумет» бағытындағы дағдылар бастапқы жиынтығы – 76% (III деңгей).

2024 - 2025 оқу жылында мектепалды даярлық сыныбының бақылау жиынтығы:

Саны	Дағдылар	I деңгей	II деңгей	III деңгей
	Бастапқы			
5	Физикалық	20%	60%	20%
5	Қатынас	20%	40%	40%
5	Шығармашылық	60%	20%	20%
5	Таным	40%	40%	20%
5	Әлеумет	0%	60%	40%

«Физикалық» білім саласы-бақылау жиынтығы – 20% (III деңгей) құрады.

«Қатынас» дағды бойынша бастапқы бақылау жиынтығы – 40 % құрады (III деңгей).

«Шығармашылық» дағдыларды бастапқы бақылаудың нәтижесінде ең жоғары деңгейде игерді – 20% (III деңгей).

«Таным» бағытындағы дағдылар бастапқы жиынтығы – 20% (III деңгей).

«Әлеумет» бағытындағы дағдылар бастапқы жиынтығы 40 % (III деңгей).

5) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (аралық) болуы және талдауы

2024-2025 оқу жылында шағын орталықтың ортаңғы тобының бақылау жиынтығы:

Саны	Дағдылар	I деңгей	II деңгей	III деңгей
------	----------	----------	-----------	------------

	Аралық			
11	Физикалық	0%	45%	54%
11	Қатынас	0%	50%	50%
11	Шығармашылық	18%	37%	45%
11	Таным	27%	38%	45%
11	Әлеумет	18%	45%	37%

«Физикалық» білім саласы-бақылау жиынтығы – 45% (II деңгей) құрады.

«Қатынас» дағды бойынша бастапқы бақылау жиынтығы – 50 пайызды құрады (II деңгей).

«Шығармашылық» дағдыларды бастапқы бақылаудың нәтижесінде – 37 (II деңгей)

«Таным» бағытындағы дағдылар бастапқы жиынтығы – 38% (II деңгей).

«Әлеумет» бағытындағы дағдылар бастапқы жиынтығы – 45 % (II деңгей)

2024-2025 оқу жылында шағын орталықтың ересек тобының бақылау жиынтығы:

Саны	Дағдылар	I деңгей	II деңгей	III деңгей
	Аралық			
12	Физикалық	0%	25%	75%
12	Қатынас	0%	33%	66%
12	Шығармашылық	0%	33%	66%
12	Таным	0%	25 %	75%
12	Әлеумет	0%	25 %	75%

«Физикалық» білім саласы-бақылау жиынтығы – 75% (III деңгей) құрады.

«Қатынас» дағды бойынша бастапқы бақылау жиынтығы – 66 пайызды құрады (III деңгей).

«Шығармашылық» дағдыларды бастапқы бақылаудың нәтижесінде – 66% (III деңгей)

«Таным» бағытындағы дағдылар бастапқы жиынтығы – 75% (III деңгей).

«Әлеумет» бағытындағы дағдылар бастапқы жиынтығы – 75% (III деңгей).

2024 - 2025 оқу жылында мектепалды даярлық сыныбының бақылау жиынтығы:

Саны	Дағдылар	I деңгей	II деңгей	III деңгей
	Аралық			
3	Физикалық	0%	33%	67%
3	Қатынас	0%	33%	67%
3	Шығармашылық	0%	33%	67%
3	Таным	0%	33%	67%
3	Әлеумет	0%	33%	67%

«Физикалық» білім саласы-бақылау жиынтығы – 67% (III деңгей) құрады.

«Қатынас» дағды бойынша бастапқы бақылау жиынтығы – 67 % құрады (III деңгей).

«Шығармашылық» дағдыларды бастапқы бақылаудың нәтижесінде ең жоғары деңгейде игерді – 67% (III деңгей).

«Таным» бағытындағы дағдылар бастапқы жиынтығы – 67% (ІІІ деңгей).
 «Әлеумет» бағытындағы дағдылар бастапқы жиынтығы 67 % (ІІІ деңгей).

6) үлгілік оқу бағдарламасына қосымшаға сәйкес балалардың жасын ескере отырып, тәрбиеленушілердің жетістіктерін мониторингілеу нәтижелерінің (**қорытынды**) болуы және талдауы

2024-2025 оқу жылында шағын орталықтың ортаңғы тобының бақылау жиынтығы:

Саны	Дағдылар	I деңгей	II деңгей	III деңгей
	Қорытынды			
11	Физикалық	9%	36%	54%
11	Қатынас	9%	45 %	45%
11	Шығармашылық	9%	45 %	45%
11	Таным	18%	36 %	45%
11	Әлеумет	18%	27 %	54%

«Денсаулық» білім саласы-бақылау жиынтығы – 54% (ІІІ деңгей) құрады.

«Қатынас» дағды бойынша бастапқы бақылау жиынтығы – 45 пайызды құрады (ІІІ деңгей).

«Шығармашылық» дағдыларды бастапқы бақылаудың нәтижесінде – 45% (ІІІ деңгей)

«Таным» бағытындағы дағдылар бастапқы жиынтығы – 45 % (ІІІ деңгей).

«Әлеумет» бағытындағы дағдылар бастапқы жиынтығы – 54 % (ІІІ деңгей).

2024-2025 оқу жылында шағын орталықтың ересек тобының бақылау жиынтығы:

Саны	Дағдылар	I деңгей	II деңгей	III деңгей
	Қорытынды			
12	Физикалық	0%	41 %	58%
12	Қатынас	8%	41%	50%
12	Шығармашылық	0%	41%	58%
12	Таным	25%	25 %	50%
12	Әлеумет	0%	25 %	75%

«Физикалық» білім саласы-бақылау жиынтығы – 58% (ІІІ деңгей) құрады.

«Қатынас» дағды бойынша бастапқы бақылау жиынтығы – 50% пайызды құрады (ІІІ деңгей).

«Шығармашылық» дағдыларды бастапқы бақылаудың нәтижесінде – 58% (ІІІ деңгей)
 «Таным» бағытындағы дағдылар бастапқы жиынтығы – 50% (ІІІ деңгей).
 «Әлеумет» бағытындағы дағдылар бастапқы жиынтығы –50% (ІІІ деңгей)

2024-2025 оқу жылында даярлық сыныбының бақылау жиынтығы:

Саны	Дағдылар	I деңгей	II деңгей	III деңгей
	Қорытынды			
10	Физикалық	0%	0%	100%
10	Қатынас	0%	0%	100%
10	Шығармашылық	0%	0%	100%
10	Таным	0%	0%	100%
10	Әлеумет	0%	0%	100%

«Физикалық» білім саласы-бақылау жиынтығы – 100% (ІІІ деңгей) құрады.
 «Қатынас» дағды бойынша бастапқы бақылау жиынтығы – 100% пайызды құрады (ІІІ деңгей).
 «Шығармашылық» дағдыларды бастапқы бақылаудың нәтижесінде –100% (ІІІ деңгей)
 «Таным» бағытындағы дағдылар бастапқы жиынтығы – 100% (ІІІ деңгей).
 «Әлеумет» бағытындағы дағдылар бастапқы жиынтығы – 100% (ІІІ деңгей).

10. Тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне өлшемшарттар:

1) МДТО ҮОЖ белгіленген тәрбиеленушілердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптарға сәйкестігі және сақталуы;

Мектепке дейінгі мекемеде тәрбиеленушілердің денсаулығын, психикасын, қызығушылықтарын қорғау мақсатында базистік оқу жоспарымен қамтамасыз етілген оқу жүктемесінің барынша мөлшері сақталады. Базистік оқу жоспарының сағат саны мектепке дейінгі білім берудің мемлекеттік жалпы міндетті стандарт талаптарына сай жоспарланған. Ұйымдастырылған оқу қызметі кестесі баланың жас ерекшеліктеріне денсаулық мүмкіндіктері есебінен құрылған және мектеп жасына дейінгі шағын орталығы балалардың күнделікті өмірде өзара байланысын қамтамасыз етеді. Шағын орталықта мектепке дейінгі тәрбиелеу мен оқытудың мемлекеттік стандартына және балаларды тәрбиелеу мен оқытудың психологиялық –педагогикалық негізіне қойылған талаптарға сай жүргізілуде.

9. Мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың МЖМБС 2-қосымшасына сәйкес туғаннан бастап І-сыныпқа қабылданғанға дейінгі балалардың біліктері мен дағдыларының тізбесін игеру бойынша оқыту нәтижелерін бағалауға қойылатын талаптар (мектепалды жастағы тәрбиеленушілердің ата-аналарымен немесе заңды өкілдерімен жүргізілген сауалнама нәтижелері қоса беріледі).

5 жасар балалардың ата-аналарына сауалнама жүргізілді. Сауалнаманы «Бозтал а. ЖОББМ» КММ тәрбиешілер 2024 жылдың 30 маусым айында мектепалды жастағы балалардың ата-аналарына арналған сауалнама (бес жастан бастап) өткізді. Сауалнама мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың мемлекеттік жалпыға міндетті стандартының талаптарына сәйкес 5 жастан бастап жас тобы бойынша игеруге жататын білім, білік, дағды көлемінің меңгеру деңгейін анықтауға бағытталған.

5 жастан бастап жас тобындағы тәрбиеленушілердің жетістіктеріне объективті мониторинг жүргізудің мақсаты мектепке дейінгі ұйымдар ұсынатын білім беру қызметтерінің сапасын жақсарту болып табылады.

Сауалнамаға 3 оқушының 3 ата-анасы қатысты

«Бозтал а. ЖОББМ» КММ-сі мектепалды жастағы балалардың (бес жастан бастап) ата-аналардың сауалнамасын талдау балалардың денсаулық сақтау, танымдық, коммуникативтік-тілдік, шығармашылық және әлеуметтік дағдыларының толық қалыптасқанын көрсетті. Сауалнамаға қатысқан ата-аналардың **100%-ы** осы тұжырыммен «Толығымен келісемін» және «Келісемін».

Сонымен қатар ата-ананың пікірінше, олардың балаларының жаңа ақпаратты кімге қызықты болатынын түсінуде және ұсынуда проблемалары болған жоқ. Диалогтық қарым-қатынастың дамуының төмен деңгейі баланың когнитивтік мәселені шешуге тырысуымен сипатталады, ал ол серіктесіне назар аудармайды, үнсіз әрекет етеді, өз іс-әрекеттеріне сирек түсініктеме береді, кейде серіктестің мәлімдемелеріне жауап береді және онымен жанжалды қатынастарға түсе алады.

Осыған байланысты педагогикалық ұжымның жұмысы мынадай:

- балалардың коммуникативтік дағдыларының деңгейін арттыру бойынша ата-аналар дәрісханасы;

- қатынас дағдыларды қалыптастыру негіздері бойынша ата-аналар арасында ақпараттық-түсіндіру жұмыстары бағыттарына бағдарланатын болады.

(Сауалнама қорытындысы бойынша толық талдау қоса беріледі)

2) жас кезеңіне сәйкес тәрбиеленушілер жетістіктерінің мониторингі (бастапқы, қорытынды) нәтижелерінің болуы және талдау (бастапқы, қорытынды көшірмелері қоса беріледі).

11. Тәрбие мен оқу мерзіміне қойылатын талаптар:

1) жас кезеңдерін сақтау және топтарды бірдей жастағы немесе әртүрлі жастағы принцип бойынша жинақтау (осы Өлшемшарттардың 9-қосымшасына сәйкес жас топтары тізімдерінің көшірмелері қоса беріледі);

Шағын орталықта және мектепалды даярлық сыныптар бойынша жас кезеңдері сақталған, топтар бірдей жас принцип бойынша жинақталған. Өлшемшарттың 9 қосымшасына сәйкес жылдар бойынша жас топтары тізімдері жасалып, көшірмесі қоса берілді.

2) тәрбиеленушіні 1-сыныпқа қабылдағанға дейін МДТО үлгілік оқу бағдарламасын игеру бойынша талаптарды сақтау..

Мектепке дейінгі ұйым қызметі екі кезеңге бөлінеді:

1) 1 қыркүйектен 31 мамырға дейін – Үлгілік бағдарлама мазмұнын игеру кезеңі;

2) 1 маусымнан 31 тамызға дейін – жазғы сауықтыру кезеңі.

Жазғы сауықтыру кезеңіндегі жұмыс балаларды сауықтыруға, шынықтыруға, дене дамуына және өтілген бағдарлама материалын бекітуге бағытталады.

Балаларды жазғы кезеңде сауықтыру жүйесі қамтиды:

- дене-сауықтыру жұмысы (спорттық және қимылды ойындар, таңертеңгі гимнастика, сергіту сәттері, музыкалық-ырғақтық қимылдар, дербес қимыл белсенділігі, ұсақ моториканы дамыту ойындары, тыныс алу жаттығулары, көзге арналған гимнастика және т.б.);

- тиімді тамақтануды ұйымдастыру;

- шынықтыру (күннің көзіне қыздырыну, серуендер, жорықтар, жарыстар және т.б.).

Мектепке дейінгі ұйымда жаз кезеңі шығармашылық, сауықтыру мен қарым-қатынас, ойындар, сауық-кештер, бірлескен және жеке еңбек, тәжірибелік-эксперименттік әрекет түрлерін қамтиды

2-параграф. Бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің жалпы білім беретін оқу бағдарламаларын іске асыратын білім беру ұйымдарын бағалау өлшемшарттары

12. Оқыту нәтижелеріне бағдарлана отырып, бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім беру мазмұнына өлшемшарттар:

1) Білім беру ұйымының басшысымен бекітілген жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің болуы және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2022 жылғы 3 тамыздағы № 348 бұйрығымен бекітілген бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті білім беру стандарты (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 29031 болып тіркелген) талаптарына және Қазақстан республикасы Білім және ғылым министрінің 2012 жылғы 8 қарашадағы №500 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8170 болып тіркелген) бастауыш, негізгі орта және жалпы орта білім берудің үлгілік оқу жоспарларына (бұдан әрі- YОЖ) сәйкестігі. Бағаланатын кезеңге жұмыс оқу жоспары мен сабақтар кестелерінің көшірмелері қоса беріледі;

2024-2025 оқу жылында педагогикалық кеңестің шешімі негізінде төмендегі YОЖ таңдап алынды

1. 1-4 сыныптар бастауыш білім беру ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 ж 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен ҚР Оқу ағарту министрінің 18.08.2023 ж №264 бұйрық енгізілген өзгерістерімен үлгілік оқу жоспары 1- қосымша
1. 5-9 сыныптар негізгі білім беру ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 ж 8 қарашадағы № 500 бұйрығымен ҚР Оқу ағарту министрінің 2022 ж.12 қарашадағы №365 бұйрық енгізілген өзгерістерімен үлгілік оқу жоспары 6-қосымша
2. 10- 11 сынып Жалпы орта білім берудің жаратылыстану- математикалық бағыт бойынша ҚР Білім және ғылым министрінің 2012 ж 8 қарашадағы №500 бұйрығына ҚР Оқу ағарту министрінің 30 қыркүйектегі №412 бұйрық енгізілген өзгерістерімен үлгілік оқу жоспары 86- қосымша

2) Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген (нормативтік құқықтық актілерді мемлекеттік тіркеу тізілімінде № 8424 болып тіркелген) жалпы білім беретін пәндер бойынша үлгілік оқу бағдарламаларына (бұдан әрі – ЖББ үлгілік оқу бағдарламалары) сәйкес жүзеге асырылатын оқу пәндерінің базалық мазмұнын игеру;

2023-2024 оқу жылында 1-4 - сыныптар жаңартылған білім беру жүйесі бойынша білім алды және Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Бастауыш білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2018 жылғы 10 мамырдағы № 199 бұйрығымен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) оқу бағдарламаларымен оқытылуда. «Цифрлық сауаттылық» пәнін оқыту 2020 жылғы 27 қарашада бекітілген № 496 «ҚР БҒМ кейбір бұйрықтарына өзгерістер мен толықтырулар енгізу туралы» бұйрығына сәйкес жүргізілетін болады (2013 жылғы 3 сәуірдегі №115 бұйрығына (188-2к қосымша), 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығына (4-қосымша) өзгерістер енгізілген). <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424>

5 - 9 –сыныптар Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2013 жылғы 3 сәуірдегі № 115 бұйрығымен бекітілген Негізгі орта білім берудің жалпы білім беретін пәндерінің үлгілік оқу бағдарламалары (2017 жылғы 25 қазандағы № 545 бұйрықпен өзгерістер мен толықтырулар енгізілген) бағдарламамен оқытылады. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424>

10- сынып Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығына оқу бағдарламаларымен оқытылады. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424>

11-сынып Республикасы Білім және ғылым министрінің кейбір бұйрықтарына өзгерістермен толықтырулар енгізу туралы ҚР БҒМ 2020 жылғы 27 қарашадағы № 496 бұйрығымен бекітілген үлгілік оқу бағдарламасымен жүзеге асырылады. Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы пәндері 5-9 сыныптарда Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 26 шілдедегі № 334 бұйрығы негізінде оқытылды. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424>

Жаратылыстану-математикалық бағыттағы 10-сыныптардағы Қазақстан тарихы, дүниежүзі тарихы Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2019 жылғы 7 наурыздағы № 105 бұйрығы, 9,10-сыныптардағы құқық негіздері Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2017 жылғы 27 шілдедегі № 352 бұйрығы негізінде оқытылады. <https://adilet.zan.kz/kaz/docs/V1300008424>

3) Әрбір оқу жылының басында әдістемелік-нұсқаулық хат және аудандық жылдық жоспар негізінде мектептің тәрбие жұмыстарының жоспары бекітіледі. 2023 – 2024 оқу жылында тәрбие жұмысы Біртұтас тәрбие бағдарламасы: құндылықтар және оны іске асыру жоспары негізінде жүргізілді. Құндылықтар

- 1) Ұлттық мүдде
- 2) Ар – ұят
- 3) Талап

Тәрбие үдерісі - бұл тұлғаның тәрбиелік деңгейі, ол оқушының қоршаған әлеуметтік ортамен және жалпы қоғаммен әрекеттестікке дайындығымен сипатталады. Осы дайындықты анықтау және айқындау үшін диагностика-оқушының даму үдерісі мен нәтижелеріне талдау жүргіземіз. Ұрпағымызды парасатты да білікті, мәдениетті де білімді етіп тәрбиелеу мақсатында сынып жетекшілер оқушының тәрбиелік деңгейін бақылайды. Мектепте 1-11 сынып аралығында 11 сынып комплектісі бар, 1-4-сыныптарда 4 сынып, 5-9-сыныптарда 5 сынып, 10-11-сыныптарда 2 сынып бар, даярлық сыныбы - 1. Тәрбие жұмысын тиімділікпен ұйымдастыру мақсатында мектепте сынып жетекшілерінің әдістемелік бірлестігі жұмыс істейді. Сынып жетекшілердің барлығы бірлестік бекітілген жоспар бойынша жұмыстар атқарды. Жыл бойы мектепте төмендегідей тақырыптарға басты назар аударылды.

1. Тәрбие жұмысын жоспарлау, орындалуын қадағалау, қорытындысын шығару және кемшіліктермен жұмыс жасау.
2. Жасөспірімдер арасында ұшырасатын аутодиструктивті мінез – құлқы көріністерінің алдын алу, оқушылардың өмір қауіпсіздігін, денсаулығын басты назарға алу.
3. Тәрбие жұмыстарының тиімділігін арттырудағы ата-аналардың рөлін арттыру, олардың мектеппен бірлесіп бір бағытта жұмыс жасауға бар күштерін салуға шақыру.
4. Жалпыға құқықтық білім беру жұмысы;
5. Жазғы жұмыс және демалысты ұйымдастыру.
6. Жоспарға сәйкес енгізілген өзгерістер мен ұсыныстарды қапыда қалдырмау және жоспарланған түрлі жобаларды енгізу және іске асыру.

Тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес әр дүйсенбі күні оқушылар мен ұстаздар Гимн орындайды. Мақсаты: оқушыларды ұлттық құндылықтарды құрметтеуге дәріптеу
Сәрсенбі – жұма күндері аралығында оқушылар таңғы жаттығуды жасайды. Мақсаты: салауатты өмір салтын ұстану.

Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбиелеу және құқықтық тәрбие бағыты мен «Ұлттық мүдде» құндылығы бойынша 2023 жылы 1 қыркүйек Білім күніне орай «Мектебім – Мейірім мекені» тақырыбында әр сыныпта бірыңғай сынып сағаттары өтті.

Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбиелеу және құқықтық тәрбие бағыты мен «Ұлттық мүдде» құндылығы бойынша әр дүйсенбі күні барлық сыныптарда Әнұран орындалады.

2024 жылы 05 қыркүйек күні ҚР халқының Тілдері күні мерекесінің жоспары құрылып бекітілді. ГӘБ қызметкерлері жоспармен танысты.

2024 жылы 05 қыркүйек күні тіл мамандары Тоорохан Н «Мағжан Жұмабаев-заманның заңғар тұлғасы» атты жалпықазақстандық ашық диктант өткізді.

2024 жылы 6 қыркүйек кітапханашы Секуова А.Т «Тіл-рухани күре тамыр» атты кітап көрмесін ұйымдастырды

«Талап» құндылығын іске асыру мақсатында балалардың қауіпсіздігіне байланысты Төтенше жағдай мен полиция өкілдері, дәрігерлер түсіндірме жұмыстарын өткізіп жүрді.

2024 жылы 7 қыркүйек тіл мамандары «Тілімізге деген көзқарас-елімізге деген көзқарас» атты мемлекеттік және орыс тілдерінде шығармалар сайысын ұйымдастырып өткізді.

2024 жылы 8 қыркүйек бастауыш сыныптар арасында «Тіл ұлттық тұғырым» атты суреттер байқауы өтті, балалардың салған суреттерінен көрме ұйымдастырылды

2024 жылы 11 қыркүйек 5-сынып оқушыларының арасында қазақ тілі мұғалімдері Тоорохан Н «Тіл-асыл қазынам» атты мақал – мәтел, жұмбақ сайысын өтті.

2024 жылы 12 қыркүйек күні сынып жетекшілер «Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау» тақырыбында сынып сағатын өткізді.

2024 жылы 13 қыркүйек күні орыс тілі пәнінің мұғалімі Д.И.Қопабаева 7-8 сынып оқушыларының арасында «Язык-богатство народа» сыныптан тыс іс-шара өткізді

2024 жылы 14 қыркүйек Ахмет Байтұрсыновтың шығармашылығына арналған «Ұлт ұстазы-Ахмет» атты сайысы өтті

«Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ-сі бойынша 2024 жылғы 05 – 15 қыркүйек аралығында өткен іс – шаралардың бәрі әлеуметтік желілерге жіберілді

Мектеп психологы Аскарова М.Ж. оқушыларымен Буллингтің зардаптары туралы түсіндірме жұмыстарын (сынып сағаты) өткізді. «Сенім телефоны» туралы түсіндірме жұмыстары қамтамасыз етіліп жатты. «111» банері жаңартылды.

Темекі шегудің, нашақорлық пен алкоголизмнің алдын алу бойынша жоспарына сәйкес арнайы бұрыш ұйымдастырылды. Жыл бойы сынып сағаттары өтті.

27 қыркүйек және 14 қазан күні мектеп психологы, кітапханашы, «Өзін – өзі басқару» ұйымының жетекшісі, сынып жетекшілер буллинг бойынша «Өрлеу» РБ оқу орталығы ұйымдастырған семинарға қатысты.

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру тәрбие бағыты мен «Талап» құндылығы негізінде дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Даулов Е.С.

«Тоғыз айға тоғыз іс – шара» жобасы аясында балалардың салауатты өмір салтын насихаттау мақсатында 2024 жылы 8 қыркүйек күні «Сергіту сәті» челленджін өткізді.

«Ата – аналарға арналған академия» ұлттық жобасы аясында ата – аналарға қолдау көрсету орталығын құру туралы бұйрық шығарылды.

Отбасылық тәрбие «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени – ағартушылық жобасы аясында 2024 жылы 20 қыркүйек күні «Менің отбасым – шығармашыл отбасы» ата – аналармен жұмыс жүргізілді. Бұл іс – шараға Тороохан Н. Рахымжан Б. Жеңісқан Ж. қатысты

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру тәрбиесі бағыты мен «Талап құндылығы негізінде «Жолда жүру ережелерін білесің бе?» тақырыбында сынып сағаты өткізілді

Зияткерлік тәрбие, ақпараттық мәдениет тәрбиесі бойынша «Қожа Ахмет Ясауидің хал хикмет ілімі» Қожа Ахмет Ясауидің туғанына 930 жылдығына орай 9–11– сыныптар арасында іс – шаралар өткізілмей қалды. Бұл іс – шараны тарих пәнінің мұғалімдері қазан айында өткізеді Жаңа Қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбиелеу және құқықтық тәрбиесі бағыты мен «Ұлттық мүдде» құндылығы» бойынша Тілдер онкүндігі аясында 2024 жылы 12 қыркүйек күні «Ұлттық мұраны, қазақ тілін ұлықтау» сынып сағаттары өткізілді.

Өзін – өзі басқару» ұйымының жетекшісі Ристан Е. «Жас құтқарушылар» клубының жетекшісі Байқалған Е. «Еріктілер ұйымын» құрды

Жаңа қазақстандық патриотизм мен азаматтық тәрбиелеу және құқықтық тәрбие бағыты бойынша 2024 жылы 19 қыркүйек күні бастауыш сынып мұғалімдері «Адал азамат – әділетті Қазақстан» тақырыбында сынып сағатын өткізді («Ұлттық мүдде» құндылығы)

«Абай клубының» жетекшісі Жолжақсы Ш. рухани– адамгершілік тәрбие негізінде А.Құнанбайұлының рухани – адамгершілік мұрасы – оқушылардың патриоттық және адамзаттық тәрбиесінің негізінде іс-шара өткізді

Дене тәрбиесі, салауатты өмір салтын қалыптастыру тәрбиесі бағыты мен «Талап» құндылығы бойынша мектеп медбикесі Шамерханқызы Г. «Дұрыс тамақтану мәдениетін түсіндіру» тақырыбында оқушылармен түсіндірме жұмысын үнемі жүргізеді. Ыстық тамақ ішетін бастауыш сынып оқушыларының жетекшілері асханада оқушылардың тәртібін қадағалап отырады.

2024 жылы 20 қыркүйек күні 9 – 11 – сынып оқушылары арасында ұлттық мектеп лигасының бағдарламасы бойынша футбол спорт түрінен «Былғары доп» аймақтық жарысына қатысып «Бозтал ауылының ЖОБМ» КММ-нің командасы ІІ орынға ие болды. Жетекшісі: дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Даулов Е.С.

2024 жылы 26 қыркүйек күні Еңбек күні мерекесіне орай «Менің жетістігім – менің нәтижем» тақырыбында сынып сағаттары өтті. 9 – сынып оқушысы Шыңгілбай Қастер өз жетістіктерімен бөлісті. Дебат клубы бойынша қатысқан байқаулар туралы бейнеролик түсірді. Сынып жетекшілер сынып сағаттарын өткізді

2024 жылы 1 қазан Қарттар күніне орай сынып жетекшілер «Қариясы бар үйдің-қазынасы бар» тақырыбында сынып сағаттарын өткізді. «Өзін – өзі басқару» ұйымының жетекшісі И.Ристанның ұйымдастыруымен 9 – сынып оқушысы Тайшыбай Қарылғаш ата – әжелерімізді құттықтау бейнеролигін түсірді.

Мектеп кітапханашысы Секуова А.Т. «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында жаңа кітаптардың көрмесін ұйымдастырыды. Мақсаты:кітапханаға келген жаңа кітаптарымен таңыстыру. «Bookcrossing» -өзің оқысаң басқалар да оқысын кітап көрмесі жасалды.Мақсаты: балалардың кітап оқуға қызығушылығын арттыру, оқушылар бір-бірімен кітап ауыстырып отыру Ақын Сұлтанмахмұт Торайғыровтың туғанына-130 жылына кітапханада көрмесі ұйымдастырылды және өмірімен таныстырылды. Оның мақсаты:ақынның өмірін біліп,оған деген құрметін арттыру

2024 жылы 5 қазан күні «Өзін – өзі басқару» ұйымының жетекшісі Е.Ристан мен 11 – сынып жетекшісі Г.К.Айтжанованың ұйымдастыруымен «Дублер күні» өтті. Жоғарғы буын оқушылары бір күні ұстаздардың орнына оқушыларға сабақ өткізді, концерттік бағдарламаны ұйымдастырды.

2024 жылдың 11/09 – 24/10 аралығында «Төрт тоқсан – төрт өнер» ұлттық мәдени – ағартушылық жоба аясында ДТІЖО А.С.Шайхудинованың ұйымдастыруымен 6 қазан күні 4-6 – сынып оқушылары арасында әңгіме жазу, өлең құрастыру байқауы өтті. 4 – сынып оқушылары Бақытқажы Жансүйер, Үмітхан Бірлік, 5 – сынып оқушысы Жолдыбай Нәзи, 6 – сынып оқушысы Бақбердің шығармалары газет – журнал баспасына жіберіледі. Жетекшілері: тіл мамандары Жолжақсы Ш. Тороохан . Науризкулова М.Ж.

2024 жылы 13 қазан күні «Малтабар ауылының П.Кәрімұлы ат. ЖОББМ» КММ – нде тоғызқұмалақ, асық ату спорт түрінен аймақтық жарыс өтті. «Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ – нің командасы тоғызқұмалақ спорт түріне ІІІ орынға ие болды. Жетекшісі: дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Даулов Е.С.

Оқушылардың бойына патриоттық сезімді баулу мақсатында 2023 жылдың 16 – 24 қазан аралығында Республика күні мерекесіне орай іс – шаралар өтті.

16 қазан күні 5 – 8 – сынып оқушылар арасында тіл мамандары Абыкеева Б.Қ. Тороохан Н. Науризкулова М.Ж. Шайхудинова А.С. «Атамекен», «Туған жер» тақырыбында диктант жазғызды.

2024 жылы 17 қазан күні Мектеп кітапханашысы А.Т.Секуова «Ұлы дала елі» тақырыбында кітап көрмесін ұйымдастырды. Мақсаты:туған жерге деген сүйіспеншілік, құрмет дәріптеуге.

2023 жылы 17 – 18 қазан күндері «Менің туған жерім» тақырыбында 8 – сынып оқушысы Серік Арайлым, 10 – сынып оқушысы Маханбетова Аружан бейнеролик түсірді. Жетекшілері: Байқалған Е. Кобабаева Д.И. «Өзін – өзі басқару» ұйымының жетекшісі Е.Ристан

2023 жылы 18 қазан күні 9 – 11 – сынып оқушылары арасында тіл мамандары Абыкеева Б.К. Тороохан Н. Шайхудинова А.С. «Менің арманымдағы Қазақстан» тақырыбында эссе жазғызды.

2024 жылы 19 қазан күні даярлық топ тәрбиешісі амиржанова Ү.А. «Тәуелсіз елім – Қазақстан» сурет салу байқауын өткізді.

2024 жылы 19 қазан күні дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Даулов Е.С. пен Кәсіподақ ұйымының жетекшісі Байқалған Е. Республика күніне орай мұғалімдер мен оқушылар командасы арасында волейбол спорт түрінен жарыс ұйымдастырды. І орынға мұғалімдер командасы ие болды. ІІ орынға 11 – сынып оқушылары, ІІІ орынға 9 – сынып оқушылары ие болды. «Үздік ойыншы» номинациясына ие болған 10 – сынып оқушысы Жарқын Марғұлан.

2024 жылы 21 қазан күні «Өзін – өзі басқару» ұйымының жетекшісі Е.Ристан Мектеп парламентінің президентін сайлау іс – шарасын өткізді. Мектеп президенті лауазымына 3 үміткер дауысқа түсті.

1) Маханбетова Аружан

2) Тайшыбай Қарылғаш

3) Серік Арайлым

Сайлауға келген оқушылардың жалпы саны – 70. Сайлау қорытындысы бойынша дауыс саны есептелді. Нәтижесінде Тайшыбай Қарылғаш – 31; Маханбетова Аружан – 29; Серік Арайлым – 10 дауыс жинады.

«Абай клубының» жетекшісі Жолжақсы Ш. А.Құнанбайұлының рухани – адамгершілік мұрасы – оқушылардың патриоттық және адамзаттық тәрбиесінің негізінде іс-шара өткізді 2023 жылы 31 қазан күні сынып жетекшілер әдістемелік бірлестік жиналысы өтті. Күн тәртібі бойынша келесі мәселелер талқыланды:

1) Күзгі демалыс кезінде өтетін іс – шаралар жоспары бойынша жұмыстар атқару;

2) Ата – аналарға педагогикалық көмек көрсету орталығы, «Даналық мектебі» клубының жұмыс жоспары бойынша жұмыстар атқару

3) Мектепшілік, аудандық іс – шараларға белсенділік танытып қатысу

«Ар-ұят» пен «Талап» құндылықтарын іске асыру мақсатында, кәмелетке толмағандар арасындағы қатыгез қарым – қатынастың алдын алу жұмысының жоспарына сәйкес 8 – 20 қараша аралығында мектебімізде «Қатыгездік пен зорлық – зомбылықсыз балалық шақ» ақпараттық науқаны өтті. Науқанның мақсаты: балаларға қатыгездік пен немқұрайлылық мәселесіне қоғамдық назар аудару, қоғамда балаларды қатыгездікке төзбеушілік көзқарасын қалыптастыру, балаларды зорлық – зомбылықтың кез келген түрінен құқықтық қорғау деңгейін арттыру.

2023 жылы 17 қараша күні «Малтабар ауылының П.Кәрімұлы ат. ЖОББМ» КММ – нде өткен аймақтық жарыста «Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ – нің командасы тоғызқұмалақ спорт түрінен 2-орынға ие болды. Жетекшісі: дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Даулов Е.С.

«Төрт тоқсан – төрт өнер» жобасы шеңберінде «Алтын сақа» олимпиадасы бойынша іс – шара күнде өткізілді. Шағын орталық тәрбиешілері бүлдіршіндерге асық ойыны туралы түсіндірме жұмыстарын жүргізді. Мектепалды даярлық топ тәрбиешісі Амиржанова Ү.А. оқушылармен «Шертпе», «Ханталапай» ойынын ұйымдастырды. 1 – 2 – сынып жетекшілері Тулеубаева Р.А. мен Қолғанат А. «Омпа» асық ойынынан турнир өткізді. 3 – 4 – сынып жетекшілері Жумабекова М.С. мен Жолжаксы Ш. ұлдармен «Асық ату», қыздармен «Бес асық» ойындарын өткізді. Дене шынықтыру пәнінің мұғалімі Даулов Е.С. 5 – 11 – сынып оқушылары арасында «Бес асық» ойынын өткізді.

Директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары Шайхудинова А.С. ұйымдастыруымен 2023 жылы 17 қараша күні «Тоғыз ай – тоғыз іс-шара» жобасы шеңберінде «Асық ату» челленджі өтті. Мақсаты: ұлттық дәстүрді және ойынды дәріптеу. Бұл челленджге 3 – 4 – сынып жетекшілері Жумабекова М.С. мен Жолжаксы Ш. оқушыларымен атсалысты. Ұлдар «Асық ату», қыздар «Бес асық» ойынын ойнады. Челлендж соңында жеңімпаздар марапатталды.

22 қараша күні «Зорлық – зомбылықсыз әлем» тақырыбында өткен аудандық пікірсайысқа «Шапағат» дебат клубының мүшелері Тайшыбай Қарылғаш пен Серік Арайлым қатысып 1 - орынға ие болды. Серік Арайлым «Үздік спикер» номинациясына ие болды. Жетекшісі: қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Тороохан Н.

2024 жылы 22 – 23 қараша күндері «Ата-аналарға арналған академия» ұлттық жобасы және «Үштік одақ» жобасы бойынша ата-аналар үшін «Ашық есік» күні ұйымдастырылды. Мақсаты: ата – аналармен тығыз байланыс орнату; балаларының сабақ үлгерімін бақылау.

«Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде 2023 жылы 16 желтоқсан күні «Бозтал ауылының ЖОББМ» КММ – нің барлық ұстаздар, оқушылар мен қызметкерлерінің атынан құттықтау бейнеролигі түсіріліп әлеуметтік желіге жүктелді.

➤ 11/12 – 15/12.2023 ж7 психология апталығы өтті. Тақырыбы: «Мейірімге толы жүрек». Мақсаты: оқушылардың психологиялық мәдениетін қалыптастыруға жағдай жасау, оқушылардың психологиялық денсаулығын сақтауға және нығайтуға ықпал ету.

➤ 11/12.23ж. апталықтың ашылуы, оқушыларға тапсырмалар дайындалды

➤ 12/12.23ж. ұстаздармен тренинг «Өзінді күт!». Педагогтердің арасында эмоционалды күйзелістің алдын алу.

➤ 13/12.23ж. 1-11 – сыныптардың оқушыларымен психологиялық ойындар және тренингтер ұйымдастырылды.

➤ 14/12.2023ж. Сөйлемді жалғастыр «Егер де мен мейірімді болса, адамдар үшін не істер едім...» акциясы өтті, барлық сыныптар өте белсенді қатысты.

➤ 15/12.2023ж. «Жақсы көңіл-күй» сыйлау акциясы 1-4 – сыныптар оқушылары қатысты.

➤ Психология апталығы ауа райының қолайсыз мерзіміне түскесін кейбір шаралар онлайн жүргізілді, дегенменен жоспарланған іс-шаралар өткізілді

«Талап» құндылығын іске асыру жоспары негізінде 2023 жылы 19 желтоқсан күні 5 – 9 – сыныбында «Экология өмірдің соғып тұрған жүрегі» тақырыбында сынып сағаты өтті.

«Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде экстремистік көріністердің, терроризмнің алдын алу үшін 2023 жылы 27 желтоқсан күні «Қамқорлық» жеке кәсіпкерлігінің теолог маманы Исенов Еркебұлан Олжабайұлы 9 – 11 – сынып ұл балаларына «Деструктивті көзқарастың зардабы» тақырыбында дәріс оқыды. Экстремистік көріністердің, терроризмнің алдын алу мақсатында жыл бойы сынып сағаттары өтті.

«Ұлттық мүдде» құндылығын іске асыру жоспары негізінде Тәуелсіздік күніне орай жоспарланған жұмыс жоспарына сәйкес

2024 жылы 20 желтоқсан күні «Өзін – өзі басқару» ұйымының жетекшісі Ристан Е. ұйымдастыруымен 5 – 6 – сынып оқушыларын «Жас Ұлан», «Жас Қыран» ұйымына қабылдау салтанатты жиын өтті.

Талап» құндылықтарын іске асыру жоспары негізінде директордың тәрбие ісі жөніндегі орынбасары А.С.Шайхудинованың ұйымдастыруымен 2023 жылы 21 желтоқсан күні ата – аналар жиналысы өтті. Күн тәртібінде «Буллинг» мәселесі қарастырылды. Мектеп психологы М.Ж.Аскарова Буллинг туралы қосымша ақпарат айтты.

2024 жылы 25 желтоқсан «Ашық есік» күні ұйымдастырылды. Ата – аналар өз балаларының сабақтарына қатысты. Оқушыларымыздың І жарты -жылдықта жеткен жетістіктеріне арналған көрмені тамашалады.

Тәрбие жұмысының жоспары негізінде 2024 жылы 26 – 28 желтоқсан күндері «Жасыл шырша» ертеңгілігі өтті.

«Жеткіншектің Жеті жарғысы» жобасы «Ұлттық мүдде» тәрбиесі құндылықтарын іске асыру жоспары негізінде «Туған өлке ақындарының шығармалары» іс – шарасы ауа райының қолайсыздығына байланысты, оқушылар онлайн форматта оқығандықтан өтпей қалды. Бұл іс – шараны алдағы уақытта өткіземіз.

«Ар – ұят», «Талап» құндылықтарын іске асыру мақсатында, кәмелетке толмағандар арасындағы қатыгез қарым – қатынастың алдын алу жұмысының жоспарына сәйкес 2024 жылы 17 қаңтар – 17 ақпан аралығында «ДосболLIKE: достық қолын ұсын» акциясы ұйымдастырылды. Мақсаты: мектеп ортасында жасампаз (позитивті) ұжымдық шығармашылық негізінде жақсы қарым-қатынастарды қалыптастыру үшін жағдайлар жасау. Күтілетін нәтиже:

1. Шығармашылық өзара іс-қимыл жағдайында оқушылардың, педагогтардың және ата-аналардың ынтымақтастығына қажеттілікті қалыптастыруға жәрдемдесу.
2. Оқушылардың эмоциялық әл-ауқатын қамтамасыз ету үшін шығармашылық ынтымақтастық негізінде жақсы қарым-қатынастың тиімді нысандары туралы қатысушылардың түсініктерін кеңейту.
3. Бірлескен қызметте қарым-қатынас жасау тәжірибесі арқылы оң қарым-қатынас құру үшін проактивті мінез-құлық дағдыларын дамыту. Акция барысында жоспарға сәйкес түрлі жұмыстар атқарылды.

2025 жылы 9 қаңтар күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында және тәрбие жұмысының жоспарына сәйкес «Кітап – білім бұлағы» тақырыбында 1-4-сыныптарда онлайн түрінде сынып сағаты өтті.

2025 жылы 17 қаңтар күні «Оқуға құштар мектеп» жобасы аясында «Талап» тәрбиесі құндылықтарын іске асыру жоспары негізінде мектеп кітапханашысы Секуова А.Т. «Мен оқыған бір ертегі» іс – шарасын өткізді.

2024жылы 24 қаңтар күні «Ар – ұят» тәрбиесі құндылықтары бойынша «Өзін – өзі басқару» ұйымының жетекшісі Е.Ристанның ұйымдастыруымен «Қоғамдық тәртіп негіздері» пікірталас өтті. Мақсаты: оқушыларды әдептілікке тәрбиелеу.

2025 жылы 24 қаңтар күні «Төрт тоқсан – төрт өнер» («Ұлттық өнер» көрмесі) жобасы шеңберінде қазақ тілі мен әдебиет пәнінің мұғалімі Н.Тороохан оқушылармен бірге гипс қоспасынан түрлі мүсіндер жасады.

1. Шағын дәріс «Дарынды балалардың психологиялық ерекшеліктері» атты іс – шараны мектеп психологы М.Ж.Аскарова өткізді. Логикалық заңдылықтар Липпман әдісі.

2. Дарындылық картасы А.И.Савенков әдісі бойынша жүргізілді

- Шығармашылық
- Академиялық бейнелеу
- Музыкалық
- Өртістік
- Психологиялық
- Көшбасшылық
- Спорттық бағыттар

2025 жылы 26 қаңтар күні математика пәнінің мұғалімі Қыздарбекова А.Р. мен Қайрат А. «Тоғыз ай – тоғыз іс-шара» жобасы шеңберінде: «Қазақ есебі» челленджін өткізді. Мақсаты: білім алушылардың креативті және сыни ойлауын дамытуға ықпал ету

Мектеп психологы М.Ж.Аскарова 5 – сынып оқушыларымен жұмыс жүргізді.

1. Бейімделу бойынша жұмыстар жүргізілді.
2. «Менің сыныбым» сурет тесті.
3. Филлипстің мазасыздық деңгейі.
4. Н.Г.Лусканова әдістемесі «Мектепке көзқарасы».
5. Аутодеструктивті мінез – құлықтың алдың алу. Зорлық –зомбылықтың алдың алу (жасырын саулнама) ай сайын.
